

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ АДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Занды тұлғаға
(филиал мен өкілдікке)
2019 ж. «03» 01 тіркелді
Құрылтай құжаттарына (ерекше) енгізілген
өзгертулер мен толықтырулар
БСН 070140007508

«Өскемен қаласының
қаржы бөлімі» ММ
2018 жылғы «12» 12
№ 11-419 бұйрығымен
бекітілген

**Өскемен қаласы әкімдігінің «№ 46 «Огонёк» балабақша-бөбекжайы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
жарғысы**

1. Жалпы ережелер

1. Өскемен қаласы әкімдігінің «№ 46 «Огонёк» балабақша-бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі—Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Өскемен қаласы әкімдігінің 2006 жылдың 20 сәуірдегі № 3285 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның Құрылтайшысы Өскемен қаласының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын коммуналдық мемлекеттік меншік құқығын Өскемен қаласының әкімдігі жүзеге асырады (бұдан әрі - Құрылтайшы).

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Өскемен қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың Уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:
мемлекеттік тілде: Өскемен қаласы әкімдігінің «№ 46 «Огонёк» балабақша-бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

орыс тілінде: Коммунальное государственное казенное предприятие «Детский сад-ясли № 46 «Огонёк» акимата города Усть-Каменогорска.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, 070017, Өскемен қаласы, Менделеев көшесі, 2а.

8. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі: бес күндік жұмыс аптасы, сағат 7.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс күндері – сенбі және жексенбі.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

9. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

10. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

11. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

12. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Қызметтің мәні және мақсаты

13. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады: үш жастан алты жасқа дейінгі балаларды қарау, күту және сауықтыру.

14. Кәсіпорын қызметінің мақсаты балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету; әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге даярлауға бағдарлану болып табылады.

15. Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Кәсіпорын келесі қызмет түрін жүзеге асырады: мектепке дейінгі білім беру.

16. Кәсіпорынның басым міндеттері:

- 1) балалардың өмірі мен денсаулықтарын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің физикалық, интеллектуалдық және жеке дамуын қамтамасыз ететін қолайлы жағдайлар жасау, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілерге;
- 3) сапалы мектепалды даярлықпен қамтамасыз ету;
- 4) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-әрекет орнату;
- 5) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықтарын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету.

17. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

18. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның директорының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе Құрылтайшысының не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

19. Кәсіпорын директорының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

20. Құрылтайшы заңнамада белгіленген тәртіпте келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

3) мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, Жарғыны және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекітеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

21. Кәсіпорынды жалпы басқаруды тиісті саланың Уәкілетті органы жүзеге асырады және заңнамаға сәйкес:

1) Жарғыны және енгізілген өзгертулер мен толықтырулар мәтінін әзірлейді және оған қол қояды;

2) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

3) заңнамамен қарастырылған жағдайда Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің мақсаты бойынша пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) даму жоспары бесжылдық кезеңге бір рет әзірленеді және Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында және мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында, аумақтарды дамыту бағдарламасында баяндалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі тұрғысынан тиісті саланың уәкілетті органымен немесе жергілікті атқарушы органмен (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органмен) келісіледі;

6) құрылымын анықтайды және бекітеді және Кәсіпорын директорын тағайындайды және лауазымынан босатады;

7) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

22. Кәсіпорынды тікелей басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген тәртіпте лауазымға тағайындалатын директор жүзеге асырады.

23. Тиісті саланың Уәкілетті органы Кәсіпорынның директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

24. Директорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

25. Кәсіпорын директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына, Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасайды;

11) балалардың мүдделерін, отбасы қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша көрсетілетін қызметтерді ұйымдастырады;

12) баланы Кәсіпорынға қабылдаған кезде ата-анасын немесе заңды өкілдерін жарғымен, қабылдау тәртібі мен оқыту-тәрбиелеу процесін және медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін құжаттармен таныстырады, ата-аналармен немесе заңды өкілдермен шарт жасасады;

13) Кәсіпорынға бекітілген мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

27. Кәсіпорын директоры Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

1) тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;

3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын бұзғаны;

4) тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы;

5) қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражатты нысаналы пайдаланбағаны үшін;

6) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптардың өзге де бұзылғаны үшін жауапты болады.

28. Кәсіпорынды алқалық басқару нысаны педагогикалық, қамқоршылық кеңестер және басқарудың басқа түрлері болып табылады, олар өз қызметтерін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының, Басқару органының, Кәсіпорын директорының бұйрықтары мен шешімдерінің негізінде жүзеге асырады.

29. Педагогикалық кеңес келесі сұрақтарды қарастырады:

1) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;

2) жұмыс оқу жоспарларын бекіту;

3) инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін тәрбиеленушілердің үлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;

4) тәрбиеленушілерді қабылдау, ауыстыру және босату;

5) тәрбиеленушінің эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерттеу.

30. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымдарының барлық педагогтары кіреді.

31. Педагогикалық кеңестің құрамы бір оқу жылына Кәсіпорын басшысының бұйрығымен бекітіледі.

32. Қамқоршылық кеңестің құрамы Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлердің жазбаша келісімімен алынған ұсыныстардың негізінде қалыптастырылады және тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган ұсыныстарды қабылдау аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бекітеді.

33. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

1) жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;

2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестердің өкілдері;

3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);

4) ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;

5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Кәсіпорын директоры немесе оның орынбасары отырысқа қатысады.

Қамқоршылық кеңес құрамына Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 51-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдар кірмейді.

34. Қамқоршылық кеңесі:

1) Кәсіпорындағы тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

2) Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

3) Кәсіпорынды дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;

4) қайырымдылық көмек түрінде Кәсіпорынға түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды;

5) Кәсіпорынның бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;

6) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің Кәсіпорын жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

7) Кәсіпорын қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;

8) Кәсіпорын қызметімен, білім беру ұйымындағы тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен танысады, Кәсіпорын психологын қатыстыра отырып, олармен әңгімелеседі.

Кәсіпорын қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттарды ұсынуға ықпал етеді.

5. Кәсіпорынның құзыреті

35. Кәсіпорын оқу-тәрбие үрдісін, кадрларды іріктеу мен орналастыруды, ғылыми, қаржы-шаруашылық және басқа да қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен белгіленген шектерде өз бетімен жүзеге асырады.

36. Кәсіпорын өз қызметін жариялы түрде жүзеге асырады, бұқараны оқу, ғылыми-зерттеу және қаржы қызметі туралы хабардар етіп отырады.

37. Кәсіпорын құзыретіне келесі қызметтер жатады:

1) ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;

3) Кәсіпорынды материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарақтандыру мен жабдықтау;

4) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;

5) өз қаржы қаражаттары шектерінде қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдық айлықақылар (ставкалар), қосымша ақылар, үстеме ақылар және өзге де ынталандыратын төлемдер белгілеу;

6) тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

7) тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ету;

8) тәрбиеленушілерді асырау жағдайларының белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету;

9) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті табыс ету;

38. Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген тәртіпте Кәсіпорын бес жылда бір рет мемлекеттік аттестаттаудан өтеді.

6. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі, Кәсіпорынның тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және басқа да заңды өкілдерімен қарым-қатынас рәсімдеу тәртібі

39. Балаларды Кәсіпорынға қабылдау Қазақстан Республикасының білім саласындағы уәкілетті органы бекіткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

40 Кәсіпорында баланың орны:

1) бала ауырған немесе медициналық, санаторлық-курорттық және басқа да ұйымдарда емдеген және сауықтырған жағдайда (көрсетілім бойынша анықтама тапсырылған жағдайда);

2) баланың ата-анасының біреуіне немесе басқа да заңды өкіліне еңбек демалысын берген және жаз мерзімінде баланы екі айға дейінгі мерзімге сауықтырған жағдайда сақталады (жазбаша өтініш бергенде).

41. Кәсіпорынға баланы қабылдағаны үшін түсу жарнасын алуға, сонымен қатар бала балабақшада ұзақ уақыт болмаған немесе келмеген кезде орынның сақталуы үшін төлем алуға рұқсат етілмейді.

42. Балаларды Кәсіпорыннан шығаруды тиісті саланың Уәкілетті органының келісімі бойынша директор жүзеге асырады:

1) баланы асырауға арналған ай сайынғы төлемді уақытында төлемегені үшін (төлемі белгіленген төлем мерзімінен 15 күнтізбелік күннен кешіктірілсе);

2) бала балабақшаға бір айдан артық уақыт дәлелсіз себептермен келмеген және әкімшілікті ескертпеген жағдайда;

3) дәрігерлік консультативтік комиссияның анықтамасы негізінде баланың Кәсіпорында болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдері болғанда.

Баланы Кәсіпорыннан шығару туралы баланың ата-анасына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға 10 күн бұрын хабарланады.

43. Кәсіпорынға балаларды тұрақты және уақытша қабылдау бос орындар болған жағдайда жыл бойы жүргізіледі.

44. Баланы асырау үшін ата-аналардан немесе оларды алмастыратын тұлғалардан алынатын ай сайынғы төлем мөлшері баланың жасына қарамастан тамақтану шығындарының 100 пайызын құрайды.

45. Кәсіпорын білім беру ұйымдарының штатына кіретін медицина қызметкерлерімен жүзеге асырылатын аумақтық медициналық ұйымдармен бірлесіп балаларды ағымдағы медициналық бақылаумен, иммундаумен және профилактикалық тексерулерді ұйымдастырумен қамтамасыз етеді. Кәсіпорынның педагог қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жыл сайын тегін медициналық тексеруден өтеді.

46. Кәсіпорын балаларды баланстандырылған тамақтанумен қамтамасыз етеді. Балалардың тамақтануы жас ерекшелігін, жұмыс тәртібін ескере отырып жүргізіледі, Қазақстан Республикасы халқының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге және жарғыларға сәйкес анықталады.

47. Кәсіпорын тәрбиеленушілерінің тамақтану мәдениетін қалыптастыруды, оның ішінде пайдалы теңгерімді тамақтануды әрі табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қамтамасыз етеді.

48. Кәсіпорын мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі.

Шартта баланың Кәсіпорынға келу тәртібі, тамақтану еселігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі мен мерзімдері, Кәсіпорында баланы ұстау үшін төлем мөлшері мен басқа да жағдайлар анықталады.

7. Оқыту мен тәрбиелеудің білім беру үрдісін ұйымдастыру тәртібі, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің сабақ тәртібі

49. Оқу-тәрбие процесінің негізгі қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагог қызметкерлер болып табылады.

50. Кәсіпорындағы оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның жарғысымен айқындалады.

51. Кәсіпорын тәрбиеленушісінің, ата-аналары мен қызметкерлерінің қарым-қатынасы оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып, ынтымақтастық негізінде құрылады.

52. Оқыту және тәрбиелеу тілі орыс тілі болып табылады.

53. Кәсіпорын педагогтары тиімді оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету мақсатында баламалы авторлық бағдарламаларды дербес тандайды және қолданады, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтаған жағдайда тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізеді.

54. Кәсіпорында жас кезеңдеріне байланысты 1 қыркүйекте келесі жас ерекшеліктері бойынша топтар жинақталады:

- 2 кіші топ (3-тен 4 жасқа дейін);
- естиярлар тобы (4-тен 5 жасқа дейін);
- ересектер тобы (5-тен 6 жасқа дейін).

55. Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады..

56. Тәрбиеленушілердің апталық оқу жүктемесінің және ұйымдастырылған оқу қызметінің барынша мүмкін болатын көлемі баланың денсаулығы мен психикасын қорғау мақсатында енгізіледі.

57. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы:

- ерте жастағы балалар үшін – 7-15 минут;
- мектепке дейінгі орта жастағы балалар үшін – 15-20 минут;
- мектепке дейінгі естияр жастағы балалар үшін – 25-30 минутты құрайды.

58. Оқу жүктемесіне 5 білім беру саласының мазмұны кіреді: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет».

8. Кәсіпорынның мүлкі

59. Кәсіпорын мүлкі оның балансында құны көрсетілген активтерден құралады.

60. Кәсіпорын мүлкі бөлінбейтін мүлік болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлері арасында да бөлінбейді.

61. Кәсіпорын мүлкі оған жедел басқару құқығымен тиесілі және коммуналдық меншікке жатады;

62. Кәсіпорын мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктен;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктен (ақша кірістерін қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен құралады.

63. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

64. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан

Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

65. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

66. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

67. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 144, 154, 162 - баптарында көзделген тәртіпте және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша тоқтатылады.

68. Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті Құрылтайшының жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

69. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

9. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

70. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

71. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

10. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

72. Кәсіпорынның Жарғылық капиталы Құрылтайшыдан жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін алынған мүліктен қалыптастырылады.

11. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

73. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық

есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына және Кәсіпорынның директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

74. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

12. Кәсіпорынның жауапкершілігі

75. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшаға жауап береді. Кәсіпорында ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Әкімдік субсидиарлық жауаптылықта болады. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, кәсіпорынның қалған мүлкін алып қоюға жол берілмейді.

13. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

76. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

77. Білімі және біліктілігінің тиісті деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталған, тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар тұлғалар педагогикалық қызметпен айналысуға жіберіледі.

78. Кәсіпорынның педагог қызметкерлері:

1) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) тәрбиеленушілерді жоғары адамгершілік, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету, қоршаған дүниеге ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыретін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;

6) бес жылда бір реттен сиретпей аттестаттаудан өтуге;

7) педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға;

8) тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

9) қиын өмірлік жағдайда қалған баланы анықталған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың,

қараусыздық және панасыздықтың алдын алу жүйесінің органдарына дереу хабарлауға міндеттеледі.

79. Міндеттерін бұзғаны және педагог қызметкері атағына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

14. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

80. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саладағы Уәкілетті орган анықтайды.

81. Еңбекақы төлеу үлгісін, штаттық кестені, лауазымдық айлықтардың мөлшерін, сыйақы төлеу жүйесін және өзге де сыйақы мөлшерлемесін Кәсіпорын белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде өздігінен анықтайды.

82. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" қаулысымен белгілейді.

15. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

83. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Құрылтайшының шешімі бойынша белгіленген заңнама тәртібінде жүргізіледі.

84. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және таратуды Құрылтайшының келісімімен тиісті саладағы Уәкілетті орган жүзеге асырады.

85. Таратылған Кәсіпорынның кредиторларды қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлігін Құрылтайшы қайта бөледі.

86. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

«Өскемен қаласының білім беру бөлімі» ММ басшысының м.а.



Д. Журавлев